



9-дәріс



ҚАЗАҚСТАННЫҢ
АШЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ

ЭТИКА: ТЕОРИЯСЫ МЕН ҚАЗІРГІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Ситуациялық айырмашылықтар,
Толеранттық және әртүрлі
көзқарастарға ашықтық, Моральдық
реализм



Кітап: Этика: теориясы мен қазіргі мәселелері

Дәріс: Ситуациялық айырмашылықтар, Толеранттық және әртүрлі көзқарастарға ашықтық, Моральдық реализм

Дәріс атворы: Ақмарал Байдлаева

Ситуациялық айырмашылықтар.

Сайып келгенде, адамдар мен ситуациялар, мәдениеттер мен тарихтың түрлі кезеңдері бір-бірінен айтарлықтай өзгешеленеді. Ситуациялар мен түрлі адамдардың өмір сүру әлемдерінің бір-бірінен өзгешелігі сонша, біреу үшін дұрыс болған нәрсе, басқа үшін де дұрыс болады деп сенудің өзі қиын. Кей жерлерде халық санының тым көбейіп кетуі немесе құрғақшылық проблемасы ушығып тұрса, басқа жерлерде халық саны тым аз немесе су тым көп. Кей жерлерде адамдар өмірге ең қажетті нәрселерге зәру болып жатса, басқа жерлерде азық-түлік жетіп-артылады, ал өмір деңгейі өте жоғары. Кей адамдардың дені сау болса, басқалары ауыр сырқаттан азап шегуде. Біреулер өте көпшіл, ашық-жарқын болса, басқалары біршама ұстамды мінезімен ерекшеленеді. Осыншама алуан жағдайлар мен осыншалық әртүрлі адамдар үшін бірдей нәрселер әрдайым дұрыс немесе бұрыс болуы мүмкін бе? Яғни, бұл тұрғыдан алып қарасақ, қандай да бір моральдық теорияның немесе ой-пікірдің ортақ немесе универсал мәнерде қолданылуы күмәнді болып көрінеді. Демек, біз олар нақты бір ситуацияға немесе жағдайларға байланысты салыстырмалы болуы тиіс және ешқандай да объективті немесе жалпыға ортақ моральдық ізгілік жоқ деген қорытындыға келеміз.

Бұл себептер ойға қонымды ма?

Нонрелятивист немесе объективистің осы мәселе бойынша жауаптарын қарап көрейік.

Моральдық көзқарастардың әралуандығы

Ең алдымен, моральдық көзқарастардың әралуандығы мәселесіне кезек берсек. Біз моральдық көзқарастардың әралуандығы туралы сұрақты екі түрлі пікір тұрғысынан қарастыра аламыз. Біріншіден, біз осы келіспеушілік қаншалықты ауқымды және терең деген сұрақты көтере аламыз. Екіншіден, біз келіспеушілік фактісін не дәлелдейді деп сұрауымыз мүмкін. Бұл келіспеушілік қаншалықты ауқымды және терең?

Егер екі адамның моральға байланысты пікірлері екі түрлі болып жатса, бұл міндетті түрде моральдық келіспеушілікті білдіре ме? Мысалы, сіз көмірқышқыл газының қалдықтарын күрт азайтуымыз керек десеңіз, мен мұны жасауға міндетті емеспіз деуім мүмкін. Бұл негізгі моральдық келіспеушілік болып көрінгенімен, шын мәнінде бұл осы мәселе этикалық емес, нақты біздің пікірлеріміздегі айырмашылықтардың нәтижесі болуы да ықтимал. Бәлкім, сіз көмірқышқыл газы қалдықтарының қазіргі ауқымдары теңіз деңгейінің көтерілуі және ауа-райы сапасының нашарлауы сияқты зиянды жаһандық климаттық нәтижелерге алып келеді деп ойлайтын шығарсыз. Ал мен мұндай нәрселердің арасындағы өзара байланыстылықты байқамауым мүмкін, себебі мен осы сұраққа қатысты ғалымдардың беретін бағасы мен болжамдарын қате санайтын болармын. Егер сіз бен мен нақты мәселелер бойынша ортақ бір келісімге келсек, онда бұл моральдық қорытынды болар еді. Демек, сіз бен мен екеуіміз де адамның қазіргі өмір сүру жағдайын жақсарту мен бүгінгі және ертеңгі буындарға тиетін залалдың алдын алу үшін қолдан келетін нәрсенің бәрін жасау қажет деген негізгі моральдық міндетпен келісеміз.

Моральдық келіспеушіліктер болып көрінетін нәрселердің көбісі – мүлде моральдық келіспеушілікке жаппайды да, олар түрлі сенімдерге байланысты келіспеушіліктер. Дегенмен, олардың ішіндегі кейбірі мораль туралы сауалдар деп айталық. Мысалы, біз денсаулық пен бейбітшілік, адалдық пен жомарттықтың құндылығына немесе адамдардың қандай құқықтары бар, қандайы жоқ деген сұраққа байланысты пікірлеріміз қарама-қайшы делік. Өз пікірін жеткізу үшін моральдық релятивистке осындай бір келіспеушілік қажет.

Осы жерде: Негізгі моральдық сұрақтар бойынша келіспеушіліктер неге дәлел бола алады? деген сұрақ туады.

Біз қарастырып отырған кітаптың авторлары Барбара МакКиннон мен Эндрю Фиала соңғы жылдары этика дәрістерінде өз студенттерінен Джордж Вашингтон қай жылы дүниеден өтті деген сұраққа жауап беруді сұраған екен. Кейбір бағыл студенттер бұл сұрақтың жауабын білмесе де, жобалап таппақ болады. Олар 1801 жылы немесе, тіпті болмаса, 1790 жылдан кейін бе? деген сияқты жауаптарды айтып көреді. Бірақ олардың арасында ешкім жауаптың дұрыстығына нақты сенімді емес. Осы келіспеушілік немесе сенімділіктің болмауы оның қаза болмағанына немесе нақты бір күні дүниеден өтпегеніне дәлел ме? Оның расымен де қайтыс болғанына және нақты бір күні дүниеден өткеніне деген сенім түрлі келіспеушіліктермен және белгісіздікпен үйлесе береді. Этикада да солай: адамдар қай нәрсені дұрыс санайтыны турасында



Кітап: Этика: теориясы мен қазіргі мәселелері

Дәріс: Ситуациялық айырмашылықтар, Толеранттық және әртүрлі көзқарастарға ашықтық, Моральдық реализм

Дәріс атворы: Ақмарал Байдлаева

келіспесе де, бірақ, дұрыс нәрсенің бар екендігіне сенуі мүмкін. Нонрелятивист «Біз осы сенімнің кесірінен ненің дұрыс екенін шешуге талпынып, мұны байқамай қаламыз ба деп алаңдаймыз емес пе?» деген сұрақты ортаға салуы мүмкін.


Немесе этика мен ғылымның арасындағы күтілетін айырмашылықты қарастырайық. Жаратылыстану ғылымдары саласында еңбек ететіндер келісетін білімдердің ауқымды қатары бар екеніне қарамастан, осы ғылымдардың алдыңғы шебіндегілердің пікірлері көбіне тоғыспай, бір-бірінен өзгеше болып жатады. Осындай келіспеушілік мұндай сұрақтарда объективтіліктің жоқ екенін дәлелдей ме? Егер адамдар бұл ғаламның «үлкен жарылыстан» басталғаны немесе оның бірінші миллисекундында не болғаны турасында әртүрлі пікірде болса, онда бұл ғаламның бастауы туралы сұрақтың жауабы мүлде жоқ деген сөз бе? Жоқ, бұлай болу міндетті емес қой.

Толеранттық және әртүрлі көзқарастарға ашықтық

Осы жерде этиканың тағы бір үлкен қыры - толеранттық және әртүрлі көзқарастарға ашықтық сияқты мәселелер көтеріледі.

Кейбір адамдар релятивизм толеранттықпен және түрлі көзқарастарды қабылдауға ашық болумен қатар жүреді деп ойлайды, бұл дүниелердің үнемі өзара байланысты болуы міндетті емес. Алуан түрлі мәдениеттер бар болғандықтан, біз басқа мәдениеттерді елемуге немесе оларға ешбір құрмет білдірмеуге тиіспіз деуіміз мүмкін. Егер релятивизм мәдениетаралық әрекеттесу аясында өзімізді қалай ұстауымыз қажет екенін көрсететін универсал нормалар жоқ дейтін болса, онда толеранттық пен басқа көзқарастарды қабыл алуға ашықтық толерантсыздық немесе агрессиядан артық саналмайтын мәдени тұрғыда салыстырмалы құндылықтар ретінде қарастырылуы тиіс.

Фридрих Вильгельм Ницше (1844-1900 жж.) – неміс ойшылы, классикалық филолог, композитор, ақын, бірегей философиялық ілімнің авторы.



Оған қоса, егер Ницшенің моральдық әлем түрлі көзқарастар мен билік үшін күрестен құралған деген ойы дұрыс болса, басқаның көзқарасын қабыл алуға ашық және толерантты болып қала берудың ешбір қиынды себебі жоқ. Шынында да, релятивизм сіздің жеке дүниетанымыңыз немесе ұстанымыңыз басқалардыкімен келіспей жатса, оларды қорғау және кеңейту үшін күш қолдануды қолдау ретінде пайдаланылуы мүмкін.

Моральдық тұрлаусыздық

Моральдық мәселелерге анықтама беру күрделі және қиын нәрсе деген сұрақты қарастырып көрейік. Сол себепті біз моральдық тұрғыда дұрыс, жасалуы тиіс нәрсені таңдауда көбіне өзімізге 100 пайыз сенімді емеспіз. Мысалы, өздерінің ұятсыз жұмыс берушілерінің немесе әріптестерінің үстінен арыз түсіретіндерге өздеріне және айналасындағыларға бұл әрекеттен келіп-кетер пайда мен зиянды есепке ала отырып, дұрыс немесе бұрыс шешім қабылдағанын, әрі жасап жатқан ісі орынды ма деген мәселені түсіну қиынға соғады. Алайда бұл дилемма - тек релятивизмнің ғана емес, скептицизмнің де мәселесі. Скептицизм дегеніміз – бірдеңені білу аса қиын, тіпті мүлде мүмкін емес деп қабылдауды білдіретін ұстаным. Әйткенмен, қандай да бір сұрақтың, тіпті моральдық сұрақтың жауабына сенімді болмауымыз оған жауап беруге болмайтынын білдіре ме? Скептицизм себептерінің бірі – біз әр нәрсеге тек өз көзқарасымыздың тұрғысынан ғана қарай аламыз, демек, этикада да, басқа ізденістерімізде де түрлі нәрселердің шын мәнінде қандай екенін біле алмаймыз деген сенім болуы мүмкін. Бұл - субъективизмнің бір формасы, біз бұл жайында өткен дәрісте айтқан болатынбыз. Нонрелятивист біздің білместікке көңіліміз толмауымыз бен жасауымыз тиіс нәрселердің не екенін білуге ұмтылуымыздың өзі жақсы немесе жаман таңдау жасай алатынымызға сенетіндей етіп көрсететінімізді айтып, қарсылық білдіруі мүмкін.

Керісінше, ғылым және тарих мәселелері көбіне ақыр соңында анықталып, шешіліп жатады. Енді



Кітап: Этика: теориясы мен қазіргі мәселелері

Дәріс: Ситуациялық айырмашылықтар, Толеранттық және әртүрлі көзқарастарға ашықтық, Моральдық реализм

Дәріс атворы: Ақмарал Байдаева

біз Джордж Вашингтонның дүниеден өткен кезін қарасақ болады, бұл 1799 жыл еді, ал ғалымдар түрлі салалардағы білімдерін біртіндеп жетілдіре алады. Бұл уәжге релятивистер: «Олай болса, этикалық сұрақтарда не себепті осындай ілгерілеу жоқ?» деп сұрауы мүмкін. Бұл сұрақтың жауаптары бірқатар мәселелерге, соның ішінде осы кітаптың бірінші жартысында талқыланған этикалық теория туралы біздің идеяларымызға және кітаптың екінші жартысында талқыланатын әлеуметтік сауалдардағы прогресс туралы идеяларға тәуелді. Моральдық теория мен моральдық мәселелерге байланысты келіспеушіліктердің жалғасуы бізге этикалық зерттеудің тарихтағы және әлеуметтік ғылымдардағы немесе жаратылыстану ғылымдарындағы зерттеулерден өзгеше екенін еске салады.

Негізгі моральдық келісім

Адамдар өміріндегі түрлі жағдайлардың драмалық айырмашылықтары оларға сай қандай да бір ортақ моральдың болуын күмәнді немесе мүлде мүмкін емес ете ме? Айталық, деннің саулығы объективті құндылық ретінде қарастырылады. Алайда, біреулердің денінің саулығына оң ықпал ететін нәрселер басқа біреулердің денсаулығына пайдалы нәрселерден өзгеше болады емес пе? Инсулин инъекциялары көбіне диабетиктерге пайдалы болғанымен, диабет сырқатына шалдықпағандарға пайдалы емес. Нонрелятивист былай жауап беруі мүмкін: нақты осы жағдайлардағы жақсылық бір-бірінен өзгеше болса да, бәрібір ортақ құндылық бар. Бұл құндылық – денсаулық, әрі түпкілікті мақсат та осы. Сол сияқты, әділдік те «әркімге өзіне тиісті нәрсенің бұйыруын» білдіреді, бірақ адамдарға тиісті нәрселер ұдайы бірдей бола бермейді. Тынымсыз еңбек ететіндер, еңбектенбейтіндерден өзгеше бірдеңеге лайық, ал кінәлілер жазасын алуы тиіс, бірақ кінәсіздерге бұл лайық емес нәрсе. Әділдікті іске асырудың осындай алуан түрлері бар екендігі, олар объективті моральдық құндылық емес деген сөз емес.

Объективті моральдық құндылық

Ситуациялық айырмашылықтарға қарап, бізді объективті моральдық құндылық мүмкін емес деп ойлауға мәжбүрлейтін себептердің бірі мынада – біз объективизмді кейде абсолютизм деп аталатын нәрсеге теңеп жатамыз. Абсолютизм дегеніміз – моральдық ережелер немесе қағидалар ерекшеліктерге бағынбайды және ешбір жағдайдан тәуелсіз деп санайтын көзқарас. Осындай ережелердің бір мысалы: «Ұрлық дегеніміз – әрдайым бұрыс әрекет» деген пікір. Абсолютизмнің пікірінше, егер ұрлық бұрыс әрекет саналса, адамның аштықтан қиналып-қиналмауы сияқты ситуациялық ерекшеліктер бұл адамның тамақты ұрлауын ақтауға жол беретін моральдық қорытындылар үшін еш мән-мағынасы жоқ.

Алайда абсолютизмді мүлде қолдамайтын объективист, мысалы, денсаулық немесе әділеттілік сияқты белгілі бір объективті игіліктердің бар болуына қарамастан, нақты бір жағдайдағы дұрыс нәрсе адамына және жағдайына байланысты әр түрлі болуы мүмкін деуі де ықтимал. Ол кей жағдайларда ұрлықты ақтауға болады, себебі ол өмірге, объективті игілік пен жеке меншіктен де артық игілік үшін қажет деп санауы мүмкін. Абсолютизмге қарсы тұру міндетті түрде объективизмге қарсы тұру деген сөз емес.

Осындай түсіндіру нәтижелерінің бірі релятивизмнің көрінісі ретінде қабылданатын нәрсенің жиі ондай болуы міндетті емес екенін ұғынуға алып келуі қажет. «Бір адам үшін дұрыс нәрсе басқа адам үшін де дұрыс болуы міндетті емес» деген бір тұжырымды қарастырайық. Егер үшін деген сөз «көзқарасы тұрғысынан» дегенді білдірсе, онда бұл тұжырым, бар болғаны, адамдардың келіспейтінін меңзейді. Демек, ол «бір адамның көзқарасы тұрғысынан дұрыс нәрсе басқа адамның көзқарасы тұрғысынан дұрыс емес» деген тұжырым жасайды. Әйткенмен, бұл әлде де релятивизм емес. Релятивизм бұл жағдайда өзінің «ақиқат дегеніміз - бар нәрсенің бәрі» деген сенімінің аясынан шығып кетеді. Релятивистер әр түрлі көзқарастар ғана бар және бір адам үшін дұрыс нәрсе басқа адам үшін де дұрыс деп сәйкестендіру мүмкін емес деп сендіреді. Сол сияқты, егер «үшін» сөзі «инсулин инъекциялары кей адамдар үшін жақсы, бірақ басқалар үшін жақсы емес» деген мағынада қолданылса, бастапқы тұжырымның да релятивистік болуы міндетті емес. Шын мәнінде, бұл денсаулық дегеніміз - шынайы немесе объективті игілік, ал оған жеткізетін нәрсе – жақсы және оған зиян тигізетін нәрсе – жаман дегенді білдіруі мүмкін. Ал этикалық релятивизм үшін мұндай объективті игілік жоқ. Сонда қалай? Релятивизм дегеніміз – өз-өзіне қарама-қарсы нәрсе болып шыға ма?

Релятивизмге қарсы қолданылатын маңызды аргументтердің бірі – оның өз-өзіне қарама-қарсы екендігінде. Егер релятивистер барлық құндылықтар немесе ақиқаттар салыстырмалы деп тұжырымдаса, онда релятивизм тұжырымының өзі салыстырмалы ақиқат немесе құндылықты пайымдау ғана ма деген сұрақ қоюға болады. Бірақ, релятивизмге қарама-қарсы мұндай аргумент тас-талқан етуге оңай қарама-




Кітап: Этика: теориясы мен қазіргі мәселелері

Дәріс: Ситуациялық айырмашылықтар, Толеранттық және әртүрлі көзқарастарға ашықтық, Моральдық реализм

Дәріс атворы: Ақмарал Байдлаева

қарсы ұстаным нұсқасы болатын «сабан адам» бейнесін тудырады. Философ Ричард Рорти мұндай аргументті арқау ететін релятивистер жоқ деп сендірді. Рорти былай деп түсіндіреді:

Ричард Маккей Рорти (1931-2007жж.) – америкалық философ, философиядағы кейінгі аналитикалық дәстүрдің ең көрнекі өкілдерінің бірі.



Релятивизм – белгілі бір тақырыпқа немесе, бәлкім, кез-келген тақырыпқа қатысты сенімнің бәрі бірдей жақсы деген көзқарас. Мұндай көзқарасты ешкім ұстанбайды. Маңызды бір тақырып бойынша екі мүлде сыйыспайтын пікір бірдей жақсы болуы мүмкін деген тұжырымға бұл тақырыпқа енді ғана кіріскен тәжірибесі аз адамнан басқа ешкім сене қоймас. «Релятивистер» деп аталатын философтар – осындай пікірлер арасынан таңдау жасаудың дәлелдемесі алгоритмдік жағынан бұрынғы пікірмен салыстырғанда біршама төмен дейтіндер болып шығады емес пе?

Рортидің айтуынша, кез-келген сенім кез-келген басқа сенімнен кем емес. Мұның орнына ол ненің жақсырақ немесе жаман екенін түсіну оңайға соқпайтынын айтады – яғни, ол мұндай нәрселер туралы нақты жауап алу үшін қолдануға болатын «алгоритмдердің» жоғын алға тартады. Оның релятивистік нұсқасы релятивизмді скептицизммен байланыстыра отырып, өзіне өзі қайшы келуді айыптауды айналып өтуге талпынады. Рорти өзінің ұстанымын «прагматизм» немесе «антифундаментализм» деп сипаттады. Олар біз заттардың ортасында тұрмыз және ақырғы нақты дүние немесе абсолюттік құндылық туралы қорытындылаушы түсінікке жете алмаймыз дегенді білдіреді. Рорти сияқты прагматиктер үшін біздің түрлі нәрселер туралы пайымдарымыз (соның ішінде релятивизм сияқты идеялар туралы пайымымыз) уақытша және контекстілерге, мәдениеттер мен өмір салтына тәуелді ғана дүниелер.

Осыған байланысты қарсы пікір релятивист нәрселердің салыстырмалы болатын тобын немесе перспективаны анықтай алмайды деген тұжырымды білдіреді. Менің моральдық көзқарастарым қандай топтың көзқарасымен үндесуі тиіс: менің еліммен бе, менің мемлекетіммен бе, менің отбасыммен бе, әлде өзіммен және құрбы-құрдастарыммен бе? Мұнда қандай шешімге келеміз? Мен тиесілі болатын түрлі топтардың моральдық көзқарастары да әртүрлі болуы мүмкін. Оған қоса, егер қоғам көзқарастарын өзгертетін болса, демек, мораль да өзгере ме? Егер бір кездері бір қоғам тұрғындарының 52% қандай да бір соғысты құп санап, кейіннен бұл көрсеткіш 48%-ға дейін төмендесе, бұл соғыстың ертеректе әділетті болғанын, ал кейіннен, адамдар бұл пікірінен айныған соң, әділетсіз болып шыға келгенін білдіре ме?

Индивидуалды релятивизм тап болатын проблемалардың бірі оның көзқарасының жеке тәжірибемен үйлесуіне келіп тоқталады. Индивидуалды релятивизмге сай, мен жеке моральдық проблеманың шешімін табу үшін өз ішіме үңіліп, моральдық сезімдеріме жүгінуім қажет сияқты болып көрінеді. Алайда, көбіне нақ осы нәрсе қиындықтардың бастауына айналады, себебі, өз ішіме үңілсем, мен қарама-қарсы сезімдерге ұрынып жатамын. Мен өзім сезіп тұрған нәрсені емес, сезуге тиіс және сенуге тиіс нәрсені білгім келеді. Бірақ, мен сенуге тиіс нәрсе бар деген көзқарас релятивизм болмас еді.

Осыған дейін көргеніміздей, релятивистердің екі типі үшін де мұндағы проблема «релятивизм объективизмге қарағанда біршама толерантты ұстаным» деп болжанатын сенімге келіп тоғысады. Мәдени релятивист қоғамдағы адамдар тек өз қоғамдарының басты құндылықтарының бірі – толеранттық болған жағдайда ғана толерантты болуы тиіс деп сендіруі мүмкін. Релятивизмнің пікірінше, ол толеранттық объективті немесе мәдениетаралық құндылық бола алмайтындықтан, адамдардың бәрі толерантты болуы тиіс деп санай алмайды. Сондай-ақ, біз индивидуалды релятивист, әсіресе, егер толерантты болу дегеніміз тек бізбен келіспейтін басқа адамдарға сабырмен қарап қана қоймай, олардың ұстанымдары мен аргументтерін тыңдауды білдіретін болса, толерантты болуға қандай да бір себеп бар ма деген сұрақты қойсақ болады. Менімен келіспейтін адамды тыңдаудың маған қажеті қанша? Егер этикалық релятивизм ақиқат болса, онда мұның қажеті жоқ қой, себебі басқа адамның моральдық көзқарастары объективті мағынада менікінен жақсырақ болмайды, себебі бір-бірінен артық объективті ұстаным жоқ. Объективистер өздерінің ұстанымын толеранттықты объективті және мәдениетаралық игілік деп сену



Кітап: Этика: теориясы мен қазіргі мәселелері

Дәріс: Ситуациялық айырмашылықтар, Толеранттық және әртүрлі көзқарастарға ашықтық, Моральдық реализм

Дәріс атворы: Ақмарал Байдаева

үшін ең үздік негіз санап, әрі біз басқалардың көзқарастарына ашық болуымыз тиіс, себебі олар біздің көзқарасымызға қарағанда, ақиқатқа жақындау болуы мүмкін дей алады.

Релятивизм – кейде жай ғана интеллектуалды жалқаулық немесе моральдық батылдың жетіспеушілігі болуы да мүмкін. Өз ойымды дәлелдеуге немесе негіздеуге тырысудың орнына мен «Біреулер үшін жақсы нәрсенің басқалар үшін де жақсы болуы міндетті емес» деген сияқты тұжырымдарға жүгіне салсам болады. Мен мұны өзімнің этикалық ұстанымдарым туралы ойланбау үшін немесе оларды сынға алмау үшін айта салуым мүмкін. Объективті түрде дұрыс немесе бұрыс нәрселер бар деп санайтындар да мұны ешбір сыни саралаусыз қабылдай салуына болады. Олар бұл көзқарастарын, өздері бағаламастан, ата-анасынан немесе құрбы-құрдастарынан қабылдай салуы мүмкін.

Объективистік ұстанымға қатысты басты қиындық – оның релятивистік ұстанымға балама пікірді ұсынуына байланысты проблема. Объективист бізге объективті игіліктің бар екеніне сенуге лайық себептерді атауы тиіс. Бұл мәселені жан-жақты қарастыру үшін біз қазіргі философ-моралистердің талқылап жүрген екі мәселесін қысқаша қарастырамыз. Олардың бірі - моральдық реализм, яғни моральдық құндылықтың шындығы туралы мәселе; ал екіншісі – моральдық плюрализм, яғни, көптеген игіліктер арасынан таңдау жасау туралы сұрақ.

Бұл дәрісіміздің аясында осы екі бағыт туралы толық айтып беруге уақыт жеткіліксіз болғандықтан, бұл дәрісте тек моральдық реализм туралы бірер сөз айтып, келесі дәрісте осы тақырыпты жалғастыратын боламыз да, әрі қарай моральдық плюрализм мәселесіне өтіп кетеміз. Егер сіздер этика саласындағы бұл бағыттарға қызығушылық танытып, олар турасында көбірек білгілеріңіз келсе, осы сіздерге ұсынылып отырған Барбара МакКиннон мен Эндрю Фиаланың қазақ тіліне аударылып отырған кітабын оқып көрсеңіздер болады. Не болмаса, қазіргі таңда Интернет кеңістігінде де бұл ұстанымдар туралы ақпарат жетіп-артылады.

Сонымен, моральдық реализмге оралайық.

Моральдық реализм

Реализм дегеніміз – оны білетіндерден тәуелсіз бір шындықтың барын алға тартатын көзқарас. Адамдардың көпшілігі алуан түрлі нәрселерге келгенде, бәлкім, реалист шығар. Мысалы, біз сыртқы әлем, оны санамызбен ұғынуымызға тәуелсіз, шынымен де бар деп ойлаймыз. Егер ешбір адам жоқ орманда ағаш құлайтын болса, бұл оқиға бәрібір – нақты және ол бәрібір дыбыс шығарады. Дыбыс толқындарын субъективті қабылдау көптеген кездейсоқ факторларға тәуелді болса да, бұл - шынайы құбылыс.

Ал енді, бұл жағдайды этикаға байланысты ситуациямен салыстырып көріңіз. Егер мен Джон суға батқалы жатқан баланы құтқарды десем, менің моральдық пайымымның мақсаты қандай? Бұл әрекетте қандай да бір амалмен сезіп көруіме болатын нақты жақсылық фактісі бар ма? Мен Джонның баланы құтқару бойынша әрекеттерін, баланың, Джонның, көлдің және т.б. сипаттамаларын бақыласам болады. Бірақ егер жақсылықтың өзі бар болса, мен оны қандай мағынада ажырата аламын? Біз осыған дейінгі дәрістерде бірнеше рет есімін атап жүгінген британдық философ Джордж Эдвард Мур «жақсылық дегеніміз – адамдарға немесе әрекеттерге тән ерекше қасиет» деп санады.



Джордж Эдвард Мур (1873-1958жж.) – ағылшын философы, философиядағы аналитикалық дәстүрдің негізін қалаушы.

Мурдың пікіріне сай, біз іс-әрекеттердің игілігін сезімдерімізбен бақылай алмасақ та, яғни, біз оны ести, ұстай, дәмін біліп, көре алмаймыз ғой, десек те, оны интуициялық деңгейде сеземіз. Мур сияқты философтарға бұл қасиеттің табиғатымен қатар, оны қабылдауға мүмкіндік беретін ерекше интуициялық немесе моральдық сезімді түсіндіру қиынға соқты.

Ұсынылатын әдебиет тізімі:

1. Ruth Benedict, “Anthropology and the Abnormal,” Journal of General Psychology 10 (1934).
2. Friedrich Nietzsche, Will to Power (New York: Random House, 1968) no. 481.



Кітап: Этика: теориясы мен қазіргі мәселелері

Дәріс: Ситуациялық айырмашылықтар, Толеранттық және әртүрлі көзқарастарға ашықтық, Моральдық реализм

Дәріс атворы: Ақмарал Байдлаева

3. Martha C. Nussbaum, *Women and Human Development* (Cambridge: Cambridge University Press, 2001).
4. Richard Rorty, "Pragmatism, Relativism, and Irrationalism," *Proceedings and Addresses of the American Philosophical Association* 53, no. 6 (1980).
5. G. E. Moore, *Principia Ethica* (Cambridge: Cambridge University Press, 1903).
6. Bruce W. Brower, "Dispositional Ethical Realism," *Ethics* 103, no. 2 (January 1993).
7. John Lachs, "Relativism and Its Benefits" *Soundings* 56:3 (Fall 1973).
8. W. D. Ross, *The Right and the Good* (Oxford: Oxford University Press, 1930), Chapter 1.
9. Ernest Hemingway, *Death in the Afternoon* (New York: Scribner's, 1932).
10. *Patterns of Culture* (New American Library, 1934).
11. Melville Herskovits, *Cultural Relativism* (New York: Random House, 1972).

Глоссарий

Толеранттық – мақұлданбайтын көзқарастарға немесе мінез-құлыққа қатысты мейірім немесе сабыр таныту; ашық және алаламайтын көзқарас.

Моральдық реализм – этикалық фактілер және ақиқат немесе жалған деп атауға моральдық пайымдар бар дейтін идея.

Құндылық плюрализмі – бір емес, одан көп объектив құндылық бар деген метаэтикалық идея (Росстың есімімен байланысты).

Сабаннан жасалған адам аргументі – қарсыластың ұстанымын одан оңай бас тартуға болатындай етіп сипаттайтын жаңсақ аргумент.

Реализм – соғыс этикасына деген көзқарас; соғысқа қатысты шектеулер таза прагматикалық немесе ақылға қонымды сипатта және олардың мақсаты күш пен жеңіс екенін алға тартады.